



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Список использованных источников:

1. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: учебное пособие для студентов педагогических вузов и системы повышения квалификации пед. кадров/ Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева, А.Е.Петров. – М.: Академия, 2004. – 272 с.
2. Копылова В.В. Методика проектной работы на уроках английского языка. – М.: Глобус, 2007. – 170 с.
3. Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка / Е.С.Полат // Иностранные языки в школе. – 2000. – №2. – С.3-10
4. Цатурова И.А. Компьютерные технологии в обучении иностранным языкам/ Учебное пособие для вузов. – М.: Высшая школа, 2004. – 200 с.
5. Турбина Л.В. Личностно-ориентированная направленность коммуникативных технологий при обучении ИЯ: на примере студентов-менеджеров: дис. канд. пед. наук / Л. В. Турбина. – М., 2002. – 174 с.
5. Зайцева О.Б. Формирование информационной компетентности будущих учителей средствами инновационных технологий: автореф. дис.... канд. пед. наук / О. Б. Зайцева. – Брянск, 2002. – 19 с.
6. Гейхман Л. К. Информационно-коммуникационные технологии в обучении иностранному языку: учебное пособие / Л. К. Гейхман, И. И. Зуев. – Пермь: Перм. гос. техн. ун-т, 2006. – 211 с.
7. Сысоев П. В. Развитие информационной компетенции специалистов в области обучения иностранному языку / П. В. Сысоев, М. Н. Евстигнеев // Язык и культура. – 2008. – № 4. – Режим доступа: <http://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-informatsionnoy-kompetentsiispetsialistov-v-oblasti-obucheniya-inostrannomu-yazyku>
8. Попова Т. П. Использование инновационных технологий в обучении иностранным языкам / Т. П. Попова // Теория и практика лингвистического описания разговорной речи: сб. материалов Междунар. науч. конф. «Скребневские чтения» (16–17 апреля 2014 г.). – Н. Новгород: НГЛУ, 2014. – С. 151–161.
9. Цатурова И.А. Компьютерные технологии в обучении иностранным языкам/ Учебное пособие для вузов. – М.: Высшая школа, 2004. – 200 с.

УДК 378.147:811.111

СТУДЕНТТІҢ СЫНИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ДАМУ ТУ АМАЛДАРЫ

Ташкенбаева Мерей Сериккизи

milashka_9292@mail.ru

«Шетел тілі: екі шетел тілі» кафедрасының 4 курс студентті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Е.Дарменова

Соңғы 10 жыл ішіндегі қоғамның барлық салаларындағы оңды өзгерістер, соның ішінде шетел тілінде білім беру аясында дүниежүзілік қоғамдастықтағы елдермен жаңа қарым-қатынастардың орнауына байланысты шетел тілдеріне деген қызығушылықтың арта түсуі байқалады. ХХІ ғасыр жан-жақты зерделі, дарынды тұлғаларды қалыптастыруда білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында білім мен ғылымның дамуына оңтайлы әсер ету үшін дүниежүзілік кеңістігіне ену білім беруді одан әрі демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап бүкіл әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қоюда.

Мәдениетаралық қарым-қатынастың белсенді субъектісі ретінде халықаралық

қатынастар жағдайында жоғары деңгейлі өзара түсіністік пен өзара әрекетті қамтамасыз ететін құзыр-қабілеті бар жаңа формациядағы мамандарды даярлау мақсатын шешуде жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдану қажет. Осыған байланысты қазыргы мектептердегі білім беру жүйесінде басты мәселелерінің бірі - жазу және оқуда оқушылардың сыни ойлау қабілетін қалыптастыру болып табылады.

Осы мәселені философиялық, педагогикалық, психологиялық тұрғыдан зерттеумен айналысатын ір қатар ғалымдарды атап өтуге болады. Олардың бірі: Эдвард де Боно, Дж Дьюи, М.Липман, Р.Х: Джонсон, П. Фрейде, ДЖ.Стип, К.Меридит, және бір қатар Рейсейлік ғалымдар ішінде білім беру процесінде студенттер мен оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін қажеттіліктерін В.А. Болатов, А.В. Каржуев, Г.Б.Сорина, Д.М.Шәкірова, Л.И.Шрагина және тағыда басқа ғалымдар насихаттаған болатын.

Көптеген ғылыми көздерде сыни ойлауға байланысты әр түрлі анықтамалар келтірілген, бырақ сол анықтамалардың арасында кең қолданылатыны Д.Вуд және А.Браус жағынан берілген анықтама болып табылады. Оларға сәйкес сыни ойлау дегеніміз бұл ең алдымен рефлексиялық ойлау. [1,154-158]

Шет елдік ғалымдардың бірі Р.Эннис сыни тұрғыдан ойлауды «не істеп, неге сену керектігі жөніндегі ой елегінен өткен шешімдерді қабылдақ» деп анықтайды [2,]

Америка философы әрі педагогі Дж Дьюи сыни тұрғыдан ойлау оқушылар тек нақты бір мәселемен айналысқандағана пайда болады деп есептейлі. «Жағдаятқа немесе құбылысқа байланысты қойылатын негізгі сұрақ осы құбылыстың ұндай мәселелерден тұндайтындығы туралы болмақ»[3,530]

Дж Дьюи сын тұрғысынан ойлауды адам санасының келіп тұскен ақпараттың тұрақталып қалған идеяларды түсіну, жаңа идеяларды тудыру немесе түрлі мәселелерді шешу үшін өңдеу үрдісі деп сипаттайды.[4,]

Д.Халперн өзінің «Сыни ойлаудың психологиясы» деп аталған жұмысында сыни ойлауға байланысы келесідей анықтама берген болатын: оның пікірінше сыни ойлау мақсатты және логикалық болып табылады. Ол когнитивті дағдылар мен қажетті нәтиже алу ықтымалдығын арттыратын стратегияларды қолдану арқылы ерекшеленеді.

Осы анықтамаларға сүйене отырып, біз шет тілі сабақтарында сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын пайдалану арқылы, біз келесідей қасиеттерді дамытуға үлес қоса аламыз:

- Мәселені шешу
- Аңгімелесушыны тыңдай білу
- Әртүрлі көзқарастарды қарастыру
- Белгісіздік үшін төзімділік
- Әр түрлі жағдайларға қызығушылықпен қарау
- Ақпаратты белсенді қабылдау
- Өз қателіктерін жөндей алу қабілеті
- Компромистік шешімдер қабылдай алу
- Өз ойын емін еркін жеткізе алу қабілеті[5]

«Рефлексия» ұғымы алғаш рет философияда пайда болып, тулға санасындағы заттарды ой елегінен өткізу болып саналатын. Рефлексия (лат. тілінде reflexio – артқа оралу) – адамның ішкі психикалық актілер мен қалыптарды, өзін-өзі тану үрдісі. Өзін-өзі тану барысында ғана таным қалыптасатынын және оның құрастырушы сипаттамасы ретінде рефлексияның рөлін Л.С.Высотский ерекше атап өтеді. [6, 138–142.] Яғни рефлексия адам санасының өз-өзіне көңіл аудару, өз әрекеттерін ұғыну мен қандай ережелер мен кестелер негізінде осы әрекеттер жұмыс істейтінін жете түсіну. Рефлексияның мақсаты – іс-әрекет мағынасы, типтері, амалдары, мәселелері, оларды шешу амалдыры, алынған нәтиже, оқушылардың өзара қатынасы, оқушы және оқытуы арасындағы өзара қатынасы, іс-әрекетке қатынасы сияқты негізгі құрамдас бөліктерін анықтау, ұғыну, еске түсіру болып табылады.

Сыни ойлауды қалыптастыру – оқушылардың интеллектуалдық іскерліктерін мақсатты түрде дамыту және танымдық ізденіс үрдістеріне оқыту. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту

мақсатының негізінде Р.В.Павловтың пайымдауынша, оқушылардың өзіндік пікірі мен құнды бағдарларының маңыздылығымен дұрыстығын ұғыну-өзіндік табиғи бейімділігін жете түсіну. [7,256]

Педагогиканың қазіргі заманауи әдістері балада сыни ойлау процессінде пайда болатын білімді өз бетімен іздестіру қабілетіне бағытталғын. Сыни ойлау технологиясы мен жұмыс жасау барысында, мұғалім ақпараттың негізгі көзі болмайды, керісінше оқу үрдісін бірлескен қызықты іздеуге айналдырады. Ағылшын тілі сабақтарында көбінесе оқуға және рефлексияны әрі қарай дамытуға байланысты әр түрлі тексттер қолданылады. Сыни ойлауды жазу арқылы да дамытуға болады, яғни хат жазу арқылы. Мысалы, белгілі бір текстті оқып болған соң, өзінің ойын немесе өзінің шешімін эссе ретінде жазуына болады. Ағылшын тілі сабақтарында мұғалім ең алдымен балада жеке тұлғаны дамытады, ол шет тілін меңгерудің негізгі мақсаты болып табылатын коммуникативтік құзреттілікті қалыптастыруға әкеледі. Мұғалім оқушының мүдделерін ынталандырады, шет тілін іс жүзінде қолдануға және оқуға деген қызығушылығын оятады.

Сыни ойлау шеңберінде жұмыс жайсайтын мұғалім, өзінің жұмысын тиімді болуы үшін келесілерді дұрыс тандай білуі қажет:

- Сыни ойлауды дамытуға ықпал ететін ақпараттық материал
- Сабақтың әдісі

Сыни ойлау – идея және ақпараттың өзара әрекеттесуінің табиғи тәсілі. Біз тек қана ақпаратқа иелік етіп қана қоймай, сонымен қатар ақпаратты сыни бағалау, түсіну және дұрыс қолдануымыз қажет. Жаңа ақпараты алған кезде, оқушылар оны әр түрлі көзқарастардан көруі, оның құндылығы мен дәлдігі туралы қорытынды жасай алуы тийіс. Шет тілі сабақтарында оқушы шет тілін меңгеру мұғалімнің әдістеріне және оқыту құралдарына қарағанда, оқушының жеке басымен, мүдделерімен тығыз байланысты екендігін түсінуі қажет.

Енді сыни ойлау технологиясын қолдану тәжірибесіне тоқталайық.

«Ideal» проблемаларын шешу стратегиясы.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту дегеніміз, бұл мәселені шешу қабілеті, яғни оны көре білу, оны әр түрлі көзқарастардан талдау, компоненттерді анықтау, мәселені тұтастай қарастыру, әртүрлі шешімдерді (жеке және өзге) бағалау, және үздік нұсқаны таңдау болып табылады.

Алға қойылған мәселені оңай шешуге болады, егерде ол нақты және оқушының өмірлік тәжірибесімен тығыз байланыста болса. Сондағысы, біз сабақта өмірлік мәселелерді талдаймыз ба? Әрине, неге болмасқа? Оқу процесіне қолайлы мәселелер бұл: әртүрлі мәтіндерді зерттеу, жағдайды талдау, іскерлік ойындар өткізу.

Америкалық ғалым ДЖ.Брэмсфорд проблемаларды шешу стратегиясын ойлап тапқан болатын, ол мәтіндермен жұмыс жасау және жағдайды талдау үшін қолданылуы мүмкін. Бұл стратегия «IDEAL» деп аталады.

I Identify a problem

D Debate the problem

E Essential solutions

A Activity

L Logical conclusion

Identify a problem-Проблеманы анықта. Проблема жалпы түрде анықталады.

Debate a problem- Оның мәніне жүгініңіз. Оқушылар мәселені сұрақ түрінде тұжырымдайды. Ол өте нақты болуы қажет, «Қалай» деген сөзден басталып, онда ешқандай терістеу сөзі яғни «жоқ» деген сөз болмауы керек.

Essential solution- Шешімдер бар. Проблеманы шешудің көптеген мүмкін жолдарын қалыптастыру, ми шабуылы арқылы жүзеге асырылады. Мұнда кез келген сынғы тыйым салынады. Маңыздысы саны: неғұрлым көп шешім болса, соғұрлым жақсы. (идеяларды графикалық ұйымдастыру үшін сіз кластерді пайдалана аласыз)

Activity- Ал енді жұмысқа кірісеміз. Ең үздік нұсқаны таңдау. Оқушылар барлық

артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырып, проблеманы шешу үшін ең үздік нұсқасын таңдайды.

Logical conclusion - Логикалық тұжырымдар. Мәселені шешу үшін қабылданған әрекеттерді талдау, логикалық тұжырым жасау. Соңғы кезеңде оқушылар жасаған жұмыстарын талдайды.

Мәселені шешу парағы.

| |
|---|
| 1. What is the main problem? Қаһармандар үшін шешуші мәселе қандай? |
| 2. What important information have you found? Автор бізге қандай маңызды ақпарат берді |
| 3. What do you know else about this problem? Бұл мәселені шешуге көмектескің және не білесіз? Кейпкерлер тағы не білуі керек? |
| 4. Find 3 main solution of the problem? Проблеманы шешудің үш негізгі жолы қандай? |
| 5. What is the most suitable solution? Сіз таңдаған тәсілдердің қайсысы жақсы және неге? |

Студенттер мәтіннен үзінділер тыңдағаннан кейін, автордан туындаған мәселені шешуі тийіс, ол оқушының өздігінен тұжырымдалуы керек. Оқушылар осы кестеде көрсетілген тармақтарды пайдалана отырып, жұппен жұмыс жасай алады. Жұмысты аяқтағаннан кейін мұғалім әр жұптан өз пікірін айтуды сұрайды. Сонымен қатар ол тақтадағы жиынтық кестені толтырады. Әрі қарай балалар барлық шешімдерінен үш шешімін таңдауы керек. Қорытынды бөлімінде оқушылар мәтіннің авторы ұсынған шешімдермен өздерінің шешімдерін салыстырады. Мұғалім мәтінді әрі қарай оқыйды.

Сабақта мұғалімнің мәтінінде немесе түсініктемелерінде сол немесе басқа да білім беру мәселелері болады. Дегенмен, кейде бұл мәселелер жанама түрде көрсетілген. Бұл жағдайда оқушылар оларға назар аудармауы немесе шешімдерін табу қиынға соғуы мүмкін. Мәселе оның барлық аспектілерін анық көргенде ғана шешілуі мүмкін.

Қорыта келгенде, болашақ мамандарды даярлауда шетел тілін үйрету үрдісінде, сын тұрғысынан ойлау әдістерін қолдану олардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың бірден бір амалы. Студенттердың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту арқылы олардың жалпы өрісін кеңейту, жаңа ақпаратпен жұмыс жасау барысында оғын талдау, сараптама жүргізу, қажетті материалды таңдап алу, өз-өзіне және өз ісіне баға беру деген міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ЦПИ (Центр педагогического мастерства) АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Руководство для учителя, 2012, стр.154-158
2. Dewey J. (1916). Education and Democracy. – New York: Macmillan. – P.
3. Dewey How we think: Restatement of the relation of reflective thinking to the educative process. – Boston: D.C.Heath, 1933. – P. 530.
4. Paul R.W. Critical Thinking. – Sonoma State University, 1990. – P.
5. «Открытый класс» Сетевые образовательные сообщества, 2008 г.
6. Выготский Л.С. Динамика и структура личности подростка: Хрест. по возрастной и педагогической психологии. – М.: Педагогика, 1982. – С. 138–142.
7. Педагогика және психология: Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі / Жалпы ред. басқ. А.Құ- сайынов. – Алматы: Мектеп, 2002. – 256-б.